



• БАСПАСӨЗ – 2024

Қос басылымға қолдау танытты

2024 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу жұмыстары жүргізілуде. Облыстық газеттің тұрақты оқырмандары да жергілікті газетке жазылып, облыс жаңалықтарының жаршысы саналатын басылымға қолдау көрсетуде. Осы ретте игі іске үлес қосып, 40 адамды облыстық «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустриальная Караганда» газетін жаздырып берген Қазақстан Халық партиясының облыстық филиал төрағасы Халел Мақсұтовқа алғыс айтамыз.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазақстан Халық партиясының 20 жылдығына орай, аппараттың бекітіп берген жұмыс жоспарына сәйкес «Жақсылық керуені» атты шара бастау алды. Осы орайда, «Қарлығаш», «Иңкәрім» балабақшасы, облыстық ЖИТС орталығында болып, облыстық қос басылымға 6 айға жазылғандығы туралы сыйлық сертификатын табыстадық. Газет арқылы әрбір оқырман нақты әрі тексерілген ақпарат алады. Жаңалықтың, жақсылықтың жаршысы болған



облыстық газеттердің оқырмандарын көбейтуге атсалысуға шақыра отырып, қоғамдық-саяси газетке қуатты тірек болайық дегім келеді, – дейді Халел Мақсұтов.

Филиал төрағасы кездесуде не себепті тегін газетке жазығанына баса назар аударды. Газеттің әлеуметтік желіден артықшылығын тілге тиек етті. Мәселен, тәжірибелі журналистердің оқырман алдындағы жауапкершілігін, яғни, газетте жалған ақпараттың болмайтындығы, әрі танымдық-тарихи мақалалар мен тұшымды дүниелердің жазылатынын атады.

– Жергілікті басылымға жазылуға көмек бергені әрі ұжымды оқуға ынталандырғаны үшін ризамыз, – дейді «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі Қамар Мұқтарова.

Сурет ұйымдастырушылардан

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Егіс науқанына еш кедергі жоқ

Өткен жылы облыста 122 мың тоннадан астам ет, 434 мың тонна сүт, 694 млн дана жұмыртқа өндіріліп, ауыл шаруашылығының жалпы өнім өндіру көлемі 487,2 млрд теңгені құраған болатын. Биыл бұл көрсеткішті 544,4 млрд теңгеге дейін жеткізіп, 8,3%-ға арттыру жоспарланып отыр. Бұл, әлбетте мемлекет тарапынан фермерлерді қолдау нәтижесінде жүзеге асырылып отырған шаралар арқылы қол жеткізген көрсеткіштер. Аталған салаға қатысты облыста атқарылып жатқан жұмыстармен көзбе-көз танысу мақсатында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров арнайы іссапармен келіп, өңірдің маңдайалды шаруа қожалықтарында болып қайтты.

Ал, «Астра-Агро LTD» ЖШС-де картоптың элиталық тұқымын өсіруге арналған жылыжайы бар ғылыми зертхана жұмыс істейді. Зертхана қызметкерлері оларды пробиркалардан толыққанды түйнекке дейін шығарып, жылына шамамен 2 мың тонна өсіреді. Кәсіпорын директоры Аманкелді Мұқашевтің айтуынша, аграрлық секторды дамыту үшін заманауи жаб-



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министр облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен бірге көктемгі дала жұмыстарының барысымен танысу үшін Осакаров, Бұқар жырау және Абай аудандарында болып, шаруаларымен кездесті. Атап айтқанда, Батпақты ауылындағы «Жаңа-Ай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде, «Баймырза Агро-2018», «Астра Агро ЛТД» және Көксу ауылындағы «Шанс» шаруа қожалықтарының егіс алқаптарында болды.

Айдарбек Сапаров кездесу барысында мемлекет тарапынан көрсетілетін фермерлерді қолдау шаралары туралы да айтты. Мәселен, Аграрлық несие корпорациясы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін облыстың 160-тан астам дикандарын 7,5 млрд теңгеге қаржыландырған. Одан бөлек, «Қаз-АгроҚаржы» акционерлік қоғамынан бөлінген 2,6 млрд теңге тағы бар. Бұл – облыстың 75 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге әжептәуір көмек. Ал, 201 ауыл шаруашылығы техникасы лизингке қолдау алды. Сондай-ақ, мем-

лекеттен субсидиялар қарастырылған әрі қаражат беру механизмі жеңілдетілді.

– Субсидиялаудың 5 пайыздық жаңа моделі басталады. Өтініш беруге және құжаттардың толық пакетін дайындауға болады. Біз субсидияларды қаржы институттарына тікелей аударамыз. Ал, сіздер бір жылға қаржыландыру аласыздар. Несиені жауып тастап, қайтадан алуға болады. Сондай-ақ, инфрақұрылым мен жабдықтың құнының 80%-ы субсидияланады, оның 30%-ы жергілікті бюджет есебінен. Облыста мал шаруашылығы жақсы дамып, сүт-тауар фермалары салынууда. Қолдау болады, мал шаруашылығымен айналысуға шақырамыз, – делі Айдарбек Сапаров.

Министр ат басын бұрған «Шанс» ШҚ егіншілік пен өсімдік шаруашылығынан басқа мал шаруашылығын дамытуда. Картоппен қатар шаруашылық басшысы Игорь Жабяқ жылқы, ірі қара, шошқа өсіреді және бордақлайды. Соңғы жылдары көпжылдық шөптерді егумен және құрама жем дайындауды қолға алды. Болашақта эспарцет егілген алқаптар ауыл шаруашылығы жануарлары үшін жем-шөп алаңына айналады деген жоспары бар.

дықтары бар осындай ғылыми зертхана-лар құруды субсидиялау қажет.

Қазір облыстың барлық аудандарында көктемгі егіс науқаны басталып кеткен. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 1,1 млн гектарға егіледі. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 37,6 мың гектарға артық. Бұл ретте дәнді дақылдар – 966,3 мың гектар, майлы дақылдар алқабы – 31,0 мың гектар. Картоп 11,5 мың гектарға, басқа көкөністер 1,2 мың гектарға егіледі.

Суармалы жерлердің ауданы 4,5 гектарға ұлғаяды. Сондай-ақ, минералды тынайтықыштарды қолдану арқылы егіс алқаптарын ұлғайту жоспарда бар. Аурулармен, зиянкестермен және арамшөптермен күресу үшін 57,6 мың тонна минералды тынайтықыштар мен 271 мың литр пестицидтерді жеткізуге келісімшарттар жасалған.

Сондай-ақ, биыл облыс шаруаларына көктемгі егіс үшін 17,4 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінгенін айту керек.

Ауа райы қолайлы болса, көктемгі егіс науқаны мамыр айының соңына дейін аяқталады.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ұлыбританияға жолдама

Ұтып алды

Балқаш қаласындағы Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің төрт оқушысы Ұлыбританияға екі апталық тілдік практикаға жолдама жеңіп алды. Оларға сапарды USTAZ Ulytau қайырымдылық қоры төлейді.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тоғызыншы сынып оқушылары Арина Пестрякова, Альнур Бағдатов, Виктор Ким және Ксения Ничипуренко Ұлыбританияға барады. Олар жыл бойы ағылшын тілін меңгеріп, қорытынды тестілеуден және Ұлыбританиядан келген маманмен сұхбаттан сәтті өтті.

– Оқу жылы барысында біздің лицейде ағылшын тілін деңгейлік оқыту жобасы іске асырылды. Тоғызыншы сынып оқушыларын мен және ағылшын тілінің тағы бір мұғалімі Юлия Литвинова екеуіміз дайындадық. Жоба аясында тілді білуге арналған конкурстар өткізілді. Іріктеу нәтижесінде біздің мектептің алты оқушысы ағылшын маманымен соңғы сұхбатқа жіберілді. Нәтижесінде олардың төртеуі жеңімпаз атанып, Ұлыбританияға екі апталық сапарға аттанатын үздік 14 оқушының қатарына енді. Оқушыларымызбен бірге Жезқазған мен Сәтбаевтың оқушылары шетелге барады, – делі ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші Елена Ничипуренко.

Сондай-ақ, мектеп-лицейде тағы екі тілдік жоба іске асырылуда. Біреуі үшінші сынып оқушыларына ағылшын тілін ерте үйретуге бағытталған, ал, екіншісі онының сынып оқушыларын тереңдетіп оқытуға бағытталған. Жобаларға қатысу арқылы жоғары сынып оқушылары шетелдік жоғары оқу орындарында оқуға гранттар алады.

– Мен ағылшын тілін үйренуді саналы түрде бастадым, бұл маған болашақта көмектесетінін, көптеген мүмкіндіктерге жол ашатынын түсіндім. Мен оған екі жылдан бері ден қойып келемін. Жакында мектебім мен Ustaz Ulytau қорының арқасында алғашқы үлкен марапатым – Лондонға сапар жүлдесін иелендім. Бұл мені ерекше ынталандырады, ал, сапардың өзі Ұлыбританиямен, оның мәдениетімен іштей танысуға мүмкіндік береді, – дейді тоғызыншы сынып оқушысы Арина Пестрякова.

БАЛҚАШ

ORTALYQ QAZAQSTAN ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 ТГ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 ТГ
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 ТГ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 ТГ

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05; Тел.: 43-57-89
E-mail: ottdel.pochtovyy@bk.ru

Жол бейнеті жеңілдейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол инфрақұрылымын дамыта түсу маңызына ұдайы терең мән береді. «Үкімет пен облыс әкімдіктері 2025 жылға дейін жергілікті жерлердегі жолдардың 95 пайызын жөндеп, ретке келтіруге тиіс» деген тапсырмасы тап-тұйнақтай орындауда ма? Ескертпе қаншалықты ескерілуде? Өңірде нендей өзгеріс? Назар аударалық...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста ондалатын бағыттар

Бұл маңызды мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тікелей өз бақылауында. Тоғыз жолдың торабында орналасқан қазыналы Қарағанды үшін жол атты үш әріптің қаншалық салмағы барын ойла жан жете түсінеді. Ендігі кезекте сан мен дерекке көз жүгіртіп өтсек. Биыл жалпы қолданыстағы 1 029 шақырым автомобиль жолының 390 шақырымы жөндеумен қамтылды. Мәселен, былтыр ұзындығы 44 шақырым «Қарағанды-Қарқаралы» автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, «Қарағанды-Балқаш» республикалық автожолының төменгі қабатында 4 жолақты жол жабыны төселді. Жоба биыл тәмамдалмақ. Осы жылы «Қарағанды-Жезқазған» автожолын қайта жаңартуға кірісу жоспарланып, жобалық-сметталық құжаттама әзірлену үстінде. Бұл туралы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Мұқашев хабарлады.



– Облыстық маңызы бар автожолдарда 5 автожол учаскесі және 2 көпір қайта жаңартумен, 1 учаске күрделі жөндеумен, 6 учаске орташа жөндеумен қамтылды. Жалпы ұзындығы 20 шақырымды құрайтын «Нұра-Осакаровка» жолының

учаскесі қайта жаңартумен қамтылды. Мысалы, қозғалыс үшін ашық учаскеде жол жиектерін нығайту және тосқауыл қоршауын орнату бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, онда амалдары жыл

бойына жалғасатын болады. Ал, Абай ауданында «Жартас-Долинка» жолының 21-ші шақырымын, сондай-ақ, биыл «Үштөбе-Құрылыс» автожолының учаскесін қайта жаңарту ісі жанданды. Сайып келгенде, бұл аралық қалалық әуежайдан



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Үштөбе ауылы арқылы Қарағанды қаласына және кері қайтуға балама жол болады, – делі спикер.

«Теміртау-Токаревка» автожолында Нұра өзені арқылы өтетін көпірді жаңарту жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырмақ. Осы арқылы Ғабиден Мұстафин атындағы кент тұрғындары үшін Теміртауға одан әрі осы бағыт бойынша өңір тұрғындары үшін жол жүру уақытын едәуір қысқартады. Биыл «Саран-Шахтинск» автожолына күрделі жөндеу жүргізіліп, осы жолда Шерубай-Нұра өзені арқылы өтетін көпірді ондау ісі қолға алынды. Көлік құралдары ағынның жоғары қарқынына байланысты «Ақтас-Саран» учаскесі зор маңызға ие. Бұл арада жаңа жобалар қатарының сап басында «Шахан-Молодецкое» облыстық маңызы бар автомобиль жолы мен Дубовка ауылынан Саран қаласына дейінгі автожолын қайта жаңарту бойынша жобалық-сметталық құжаттама әзірленуде.



Балалар қауіпсіздігі – баршаға ортақ

Биыл өңірде оқу жылын 172 мыңнан астам оқушы аяқтайды. Барлық мектептерде 24 мамырда «Білім – Отаным!» жалпы-республикалық сынып сағаты өтеді. 11 сынып түлектерінің қатысуымен «Мектебім, саған мың алғыс!» салтанатты шарасы 25 мамыр сағат 09:30-ға жоспарланған.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ше білім алу қажеттіліктері бар баланы жазғы демалыспен қамту жоспарланып отыр. Одан басқа 6 арнайы мектеп-интернатта 206 оқушыны қамтитын тамақтандыруы бар лагерь ұйымдастырылады. Барлық балалар үйлерінің тәрбиеленушілері жазғы демалыспен қамтылады. Ақтоғай ауданында бір маусымдық 210 баланы қамтитын 6 күндік киіз үй лагері жұмысын бастайды, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Биыл сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру жұмысында Теміртау жоғары политехникалық колледжінің базасында «Жазғы IT-лагерь» бейіндік алаңын ашу жоспарланған. Барлық 43 қосымша білім беру ұйымы жазғы уақытта бекітілген кесте бойынша жұмыс істейді.

Жазғы кезеңде төтенше жағдайлар департаменті мен жергілікті полиция қызметі балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады. Осы бағытта Ақтоғай ауданының «Факел» лагерінде 5-6 сынып оқушыларының «Өнерлі жас – өңір мақтанышы» облыстық слеті мен 9-10 сынып оқушыларының арасында облыс әкімінің кубогы үшін II «Сарыарқа – пікірталас аймағы» дебатовалар слеті өткен.

Маусым айында облыс бойынша «Бала еңбегін қанаумен күрестің 12 күні» ұлттық ақпараттық науқаны өтпек.

ТЖ департаментіне ұйымдастырылған демалыс орындарында, оның ішінде тасымалдау, экскурсиялық іс-шараларды өткізу кезінде, сондай-ақ шомылу кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды күшейтуді тапсырамын. Облыстың білім басқармасы, ТЖД және ПД арасында нақты өзара іс-қимыл болуы тиіс. Жұмыс тобын құру керек. Барлық күш-жігер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Балалардың жазғы маусымды ойдағыдай өткеруі тұрақты бақылауында болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.



Сурет шығармашылығының аяулысы

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жайлы облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова баяндады.

– Биылғы жыл жаңалығы 5-8 және 10 сынып оқушыларының қазақ тілінен емтихан тапсыруы. Емтихан 27-31 мамыр аралығында өтеді. Қорытынды емтихандарға материалдар 25 мамырға дейін барлық білім бөлімдеріне жеткізіледі. Қорытынды аттестаттау мектеп базасында өтіп, 11 маусымға дейін аяқталмақ.

11 сынып түлектеріне аттестаттарды салтанатты түрде тапсыру 12-15 маусым аралығына жоспарланған, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

Мектеп түлектерінің ҰБТ-ны бес рет, оның ішінде жазғы кезеңде екі рет тапсыруға мүмкіндігі бар. Жазғы кезең 16 мамырда басталғандықтан, тест нәтижелерін білім беру гранты конкурсына қатысу үшін пайдалануға болады. ҰБТ-ға биылғы және өткен жылдардағы түлектер, сондай-ақ колледж түлектері қатыса алады.

– Биыл 5 992 түлек тестілеуге қатысуды жоспарлап отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3%-ға көп. ҰБТ рәсімі заманауи прокторинг және бейнебақылау жүйесі арқылы электрондық форматта өтеді. Тестілеу Қарағанды мен Балқаштағы «U-FUTURE» ЖШС-нің екі өңірлік орталығы базасында өткізіледі, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Ал, колледждерде оқу жылы 30 маусымда аяқталады. 29 мамыр –29 маусым аралығында өтетін қорытынды аттестаттауды 10 мыңға жуық оқушы тапсырады. Аттестаттау комиссиясы 70% жұмыс берушілерден тұрады.

Биыл балалардың толыққанды және қауіпсіз демалуына жағдай жасау мақсатында балалардың сауықтыру демалысы, бос уақытын және еңбекпен қамтуы ұйымдастырылмақ.

1-10 сыныптардағы 160 мыңдай оқушыны жазғы демалыспен, бос уақытын еңбекпен қамту жоспарда. Сауықтыру шаралары 8 қала сыртындағы лагерьде сондай-ақ, 423 мектеп жанындағы лагерьде өтеді.

– Білім басқармасы балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтылуын және бос уақытын ұйымдастыру бойынша тұрақты мониторингті жүзеге асыруы тиіс, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Мектеп жанындағы лагерьлер 3 маусымда ашылады. Бұл күні «Қауіпсіз жаз», «Қауіпсіз аттракцион», «Қауіпсіз лагерь» алдына алу акциялары өтеді.

– Биыл 2 мыңнан астам ерек-

Әлеуметтік жауапкершілік аясы кеңейеді

Аймақта мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруға ниетті әлеуметтік кәсіпкерлер қатары артып келеді. Бұл үшін жұмыс берушілерге мемлекет тарапынан субсидия төленеді. Бұл шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Әлеуметтік кодекс аясында жүзеге асуда. Субсидия арнайы жұмыс орындарын жабдықтауға жұмсалған шығындарды өтеуі үшін жұмыс берушілерге төленеді. Бүгінде аймақта мүмкіндігі шектеулі 55 мыңнан астам адам бар. Оның 30 мыңға жуығы жұмысқа қабілетті. Жұмыспен қамтылғандары – 10 863 адам, 36,5%. Бұл республика бойынша көрсеткіштен жоғары (27,4%).

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Сала мамандары былтыр 12 арнайы жұмыс орны құрылған болса, биыл 26 орын ашу жоспарланғанын айтты. Оның көбісі, 23-і есту қабілеті бұзылғандарға және үшеуі көзі нашар көретін жандарға арналған. Мұндай жұмыс орындары Қарағанды қаласынан бөлек, Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Саран қалалары мен Абай және Бұқар жырау аудандарында ашылады.

– Бүгінгі таңда жұмыс берушілер тарапынан 10 өтініш түсті, қазірдің өзінде сегіз адам жұмыс істейді, – деді Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығының директоры Нұржан Сыздықов. – Олардың қатарында көру, есту қабілеті бұзылған адамдар бар. Келесі жылы арнайы жұмыс орындары одан да көп болады деп ойлаймын. Жұмыс берушілер мемлекет тарапынан қолдау бар екенін көріп, қызығушылық танытуда.

Жұмыс берушіге арнайы жұмыс орындарын жабдықтауға арналған құрылғылар сатып алу және орнату шығындары өтеледі. Сондай-ақ, мемлекет мүгедек адамдардың жалақысының бір бөлігін өтеуді өз жауапкершілігіне алады. Субсидия үш жыл бойы ай сайын төленеді. Бірінші жылы – жалақының 70%-ы. Бұл 30 АЕК-тен аспайты тиіс екенін айта кеткен маңызды. Екінші жылында жалақының 65%-ы, ал, үшінші жылы – 60%-ы аударылады.

Ұйымдастырылған баспасөз туры аясында Теміртау қаласындағы жеке кәсіпкердің ұсынып отырған арнайы жұмыс орындарын көрдік. Жеке кәсіпкер Сергей Лещановтың корпусық жиһаз өндіру цехына екі адам қабыл-



Реформа – өміршең өзгерістер

көру қабілеті бұзылған адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын құруға өтінім берген. Оның барлығы мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыс істеу жағдайын жақсарттады.

– Он жылдан бері зейнеткермін. Техникалық білімім бар. Бұрынғы жұмысымнан денсаулығыма байланысты шығып қалдым. Бір кездің торы бөлінуіне байланысты көрмей қалды. Мансап орталығына хабарласып едім, маған мүмкіндіктер туралы айтып, жұмыс орнын ұсынды. Бұған дейін дизайнмен айналысқан емеспін, бұл мен үшін жаңа бағыт болып тұр. Жұмысқа үйренісіп кетуіме барынша көмектесті, жағдай жасады. Өмірде қандай жағдай болсын, үміт үзбеу керек. Мен сияқты адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін мемлекеттік бағдарламалар мен



рын жабдықтап, жағдай жасадық. Көру қабілеті нашар адам үшін арнайы бағдарламасы бар жаңа компьютер сатып алынды. Сондай-ақ, олар жұмыс істейтін орынды қосымша жарықтандырдық. Нашар еститін адам үшін дұрыс сызба мен кесуге мүмкіндік беретін есту аппараты мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алдық, – деді кәсіпкер Сара Лещанова.

Кәсіпкер өткен жылдың қазан айында жабдықты сатып алу үшін

осы бағдарлама бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлер бар екеніне ризамын, – деді III топ мүгедегі Дмитрий Калинин.

Сара Лещанованың айтуынша, олар осы бағдарламаға әрі қарай да қатысуға дайын. Көру қабілеті бұзылған тағы бір қызметкер үшін арнайы жұмыс орнын дайындап отыр.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДИГАЛЫМ

Жол бейнеті жеңілдейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әкімдік кеңесінде

Биыл Қарағанды облысында жергілікті желі құрамына кіретін 571 шақырым автомобиль жолын жөндеу жоспарланып отыр. Ол туралы облыс әкімдігінде өткен кеңесте жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов баяндады.

– Облыстық маңызы бар 178 шақырым жолды, қалалар мен аудандарда 281 шақырым және «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы бойынша 112 шақырым жол бөлігін жөндеуді жоспарлап отырмыз. «Сәкен Сейфуллин-Өспен-Ақадыр» автожолының 26 шақырымында, сондай-ақ, «Ақсу-Аюлы-Ақтоғай» автожолының 57 шақырымында орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. «Қарқаралы-Қоянды» учаскесіне орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда, – деді Мақсұт Қожанов.

Әлбетте, тарам-тарам жолдардың жағдайын жақсарту бойынша білек сыбанған белсенді әрекет кешеніне қарамастан, өндірістің өнірінді қалайды әдейі сын-қатерлер тұрғандығы ешкімге жасырын емес. Негізгі түйтіктердің бірі барлық қордаланған өзекті сауалдар легін толық шешу үшін қаржыландыру көлемінің жетіспеушілігі де бар. Сонымен қатар, импорттық тауарларға тәуелділікті азайту және шығындарды азайту үшін сапалы құрылыс материалдарының жергілікті өндірісін дамыту қажет. Мұны жылы мүшелері атап айтты да, негізгі басымдықтарға мән беріп өтті. Тұжыра келе, орталық облыстағы жолдарды жөндеу және күтіп ұстау жергілікті билік үшін басым міндет, әрі басқарудың барлық деңгейлерінің үйлестірілген күш-жігерін талап етеді. Бұл міндеттерді сәтті орындау жеткілікті қаржыландыру, сапаны



қатан бақылау және заманауи технологиялар мен материалдарды пайдалану жағдайында ғана мүмкін болмақ.

Автожол тасқынына тосқын ба?

Соңғы онжылдықтарда климаттың өзгеруі, толасыз жаңбыр мен су тасқыны сияқты ауа райының тосын «мінезі» жол инженерлері мен құрылыс компанияларына жаңа міндеттер қойып үлгерді. Ендігіде дәстүрлі жол салу әдістері жиілеген су тасқыны жағдайында жол жамылғысының беріктігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Сондықтан, бүгінгі таңда су тасқынына төзімді заманауи жолдарды құруға қабілетті технологияларды әзірлеуге және енгізуге ерекше назар аударылады.

2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық шеңберінде облыстық маңызы бар автожолдардың үш учаскесінде түтікшелі су өткізу құбырларын орнату жоспарлануда. Сондай-ақ, қолданыстағы

да, ұзақ мерзімді басымдықта мұндай жолдар жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындарын аз талап етеді, бұл шығын атаулысын үнемді етеді. Сонымен қатар, дренажды жақсарту және жол төсемінің бұзылуын азайту тұрақты даму принциптеріне сәйкес келетін қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға көмектеседі.

Сервис көңіл сергіте ме?

Жол бойындағы қызмет – заманауи көлік инфрақұрылымының ажырамас бөлігі. Облыста жанармай құю станциялары, демалыс аймақтары, қонақ үйлер мен тамақтану пункттері кіретін жол бойындағы сервис кешендерін дамытуға әдейі көңіл бөлінеді. Магистраль бойында заманауи көпфункционалды кешендер құру жүргізушілер мен жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді. Осындай жолбаларды табысты іске асырудың бір мысалы – «Қарағанды-Балқаш» тасжолының бойында жаңа жол

бойындағы кешендердің құрылысы. Бұл кешендер заманауи жанармай құю станцияларынан бастап, кафелер мен медициналық пункттерге дейін жайлы және қауіпсіз саяхатты қамтамасыз ету үшін қажеттіліктің бәрiмен әсте-әсте жабдықталып келеді.

Республикалық маңызы бар жолдар, әрі жол бойындағы сервис дамыту бойынша «Қаз-АвтоЖол» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов былай деп хабарлады.

– Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары желісінің жалпы ұзындығы 1853 шақырымды құрайды. Оның ішінде, 471 шақырымы қайта жанартылуда. 513 шақырымдық бөлігіне жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Ал, 127 шақырым орташа жөндеумен қамтылған. Учаскенің жалпы ұзындығы – 363 шақырымдық «Қарағанды-Балқаш» жолында жұмыстар 85%-ға аяқталды. Асфальтбетон жабыны бар төрт

жолдағы жайластыру қамтамасыз етілді, сондай-ақ, айналма жолдар толығымен алынып тасталды. Бүгінгі таңда жабынның жоғарғы қабатын орнату және жолды абадтандыру жұмыстары қайта жанданды. Осы жылдың соңында учаскені тапсыру жоспарда бар, – деді Ерлан Жұмағұлов.

Сонымен, жол бойындағы сервисің заманауи құрылысы қауіпсіздік пен жайлылықтың барлық талаптарына жауап беретін сенімді және тиімді көлік жүйесін құруға бағытталған. Озық технологияларды енгізу, инфрақұрылымды дамыту және экологиялық аспектілерді есепке алу жол сапасын жақсартуға ғана емес, өңірдің жалпы дамуына да елеулі ықпал етеді. Бұл жобаларды табысты іске асыру үдерістің барлық қатысушыларының үйлестірілген күш-жігерін және елеулі инвестицияларды талап етеді. Бұл сапаны келгенде, халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына және облыстың экономикалық өсуіне әкеледі.

Өз кезегінде өңір басшысы аз да болса, сапалы жұмыс жасаған дұрыс екенін атап өтті.

– Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, қалалар мен аудандардың әкімдері жол жөндеу жұмыстарын ерекше бақылауға алуды тапсырамын. Сіздер бұл жұмысқа жеке жауап бересіздер. Жол активтерінің ұлттық сапа орталығымен бірлесіп жұмыс барысында қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасына сараптама жасау үшін шарттар жасау қажет. Бұл – сіздердің кепілдіктеріңіз. Су тасқыны кезеңінде дайындық бойынша инженерлік жұмыстар жоспарының уақытылы орыдалуын қамтамасыз ету қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сурет пен инфографика облыс әкімдігінің сайтынан

Қарағанды облысында жергілікті желіге жататын

571 км АВТОЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

Оның ішінде:

178 км облыстық маңызы бар жолдар
281 км қалалар мен аудандарда
112 км «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы бойынша

Құттықтаймыз!

Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мәртебелі мамандықтың иесі, баланың бақытын аялауда өзінің уақытын аямаған, мындаған шәкірттер жүрегіне жол тапқан сүйікті ұстаз, ағайынға қамқор, бауырға мейірімді, аяулы жар, ардақты ана, асыл әже **Маржан Бекетқызы ҚАПАЕВАНЫ** 50 жас мерейтойымен құттықтаймыз. Өмірін еңбекпен өрнектеп келе жатқан әріптесімізге жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі жемісті еңбегіне шығармашылық табыс тілейміз. Отбасына амандық, деніне саулық тілеп, ерен еңбегінің жемісін көре беруге тілектестік білдіреміз.



Өмір сізге жылы сөзін арнасын, Қайғы-мұңға жүректе орын болмасын. Жанарыңнан күн күлімдеп әрқашан, Ай мен Жұлдыз кеудене кеп орнасын.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз. Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Игі тілекпен: **Еркіндік жалпы білім беретін мектебінің ұжымы.**

№185

• САЛТАНАТ

Мамандыққа адалдық әспеттелді

Осымен үшінші жыл қатарынан Теміртау қаласы әкімінің «Өрлеу» сыйлығы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, қоғамдық-саяси өміріне араласып жүрген қыз-келіншектерге беріліп келеді. Бұл жолы қалалық әкімдікте құрылған комиссия осылардың арасынан 7 адамды анықтап, оларды салтанатты марапаттау рәсімі «Восток» қысқы саябағында өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы өткен Ұлттық Құрылтайда «Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген адам ғана табысқа жете алады» дегендей, бұл 7 адамның бәрі де өз саласында жетістікке жетіп, абырой-құрметке бөленген жандар. Марапаттау сәтінде оны Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков те атап өтіп:

– Бұл рәсімнің негізгі мақсаты мен міндеті – шаһар өміріндегі іскер, әлеуметтік белсенді әйелдердің рөлін көтермелеу һәм арттыру, сондай-ақ гендерлік саясат, олардың оң беделін насихаттау, – деді.

Сол бойынша ең бірінші болып «Мәдениет үздігі» аталымында Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы директорының орынбасары Ұрзада Есмұрзаева сыйға бөлгенсе, «Денсаулықтың үздігі» атағына осы салада 40 жыл қызмет атқарған Қарлығаш Рахимбекова ие болды. Ал, «Үкіметтік емес сектордағы үлесі үшін» аталымының сыйлығын қалада экологиялық білім мен мәдениетке ықпал ететін 100-ден астам экологиялық акцияларды ұйымдастырып, өткізген «Отражение» ҚБ басшысы Елена Варганова алды. Келесі «Ана бақыты» аталымында «Әлем» БЖО орталығының педагогі, алты баланың анасы Баян Мамитова жеңімпаз атанса, «Бизнесіті дамытуға қосқан үлесі



үшін» аталымында жобалау саласында 15 жылдан аса жұмыс істеген, «Строй-Аст» ЖШС директоры Ирина Замиралова озық шықты. Рымкүл Ибраева оқу үдерісін шебер ұйымдастырғаны үшін «Білім үздігі» атағын иеленсе, қызмет көрсету саласындағы жетістіктері үшін «Бум Кидс» білім беру және «БУМеранг» ойын-сауық орталықтарының жетекшісі Юлия Гурская, өндірістігі жетістіктеріне байланысты «Қар-Мет» кокс-химия өндірісіндегі сөндіру вагонының электровоз ма-

шинисі, осы жерде 29 жыл еңбек етіп, «Еңбек даңқы» төсбелгісін алған Резада Хасеноваға да «Өрлеу» сыйлығының сертификаты мен дипломдарын Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков табыс етті.

Салтанат соңында марапат иелеріне дастарқан жайылып, қалалық Мәдениет сарайының өнерпаздары өнер көрсетті.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

Қарағанды қаласы әкімдігінің қаулысы

Қарағанды қаласы

№ 25/03

17.05.2024

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлар тізбесіне жататын объектілерді салу бөлігінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында, атап айтқанда, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің ортақ пайдаланылатын объектілерін іске асыру жолымен салу (реконструкциялау) жер учаскесінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары, Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесіне қатысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін қозғау:

1) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көшесі, 33/4 уч., ауданы 0,0572 га, кадастрлық нөмірі 09-142-124-420, «Kaz Energy Center» ЖШС-не тиесілі, БСН 230640031117 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

2) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Әбдіров даңғылы, 36/8 уч., ауданы 0,0450 га, кадастрлық нөмірі 09-142-125-592, «Kaz Energy Center» ЖШС-не тиесілі, БСН 230640031117 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

3) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Крылов көшесі, 51/1 уч., ауданы 0,0455 га, кадастрлық нөмірі 09-142-158-1366, «Kaz Energy Center» ЖШС-не тиесілі, БСН 230640031117 уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында;

4) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, ауданы 114.0000 га, кадастрлық нөмірі 09-142-219-005, Куликова Светлана Евгеньевнаға жекеменшік құқығымен тиесілі;

5) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, 219 Есептік тоқсан, 2-учаске, ауданы 116,0000 га, кадастрлық нөмірі 09-142-219-002, Сергеев Виктор Евгеньевичке жекеменшік құқығымен тиесілі;

6) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көшесі, ауданы 0,0115 га 40/7 құрылыс, кадастрлық нөмірі 09-142-122-272, Беков Хамит Газисұлына уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен тиесілі;

7) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Абай көшесі, №65/3 уч., ауданы 0,1000 га, кадастрлық нөмірі 09-142-122-1099, «Парк КRG» ЖШС жалпы үлесті меншік құқығымен тиесілі;

8) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Абай көшесі, 61/6 уч., ауданы 0,1005 га, кадастрлық нөмірі 09-142-122-1105, «Special LTD» ЖШС жекеменшік құқығымен тиесілі;

9) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Абай көшесі, 61/8 уч., ауданы 0,1004 га, кадастрлық нөмірі 09-142-122-1107, «Special LTD» ЖШС жекеменшік құқығымен тиесілі;

10) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Абай көшесі, №61/9 уч., ауданы 0,1004 га, кадастрлық нөмірі 09-142-122-1108, «Парк КRG» ЖШС жекеменшік құқығымен тиесілі;

11) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Абай көшесі, №61/10 уч., ауданы 0,1004 га, кадастрлық нөмірі 09-142-122-1109, «Парк КRG» ЖШС жекеменшік құқығымен тиесілі;

12) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Ерубаев көшесі, ауданы 0,0962 га 35/2 құрылыс, кадастрлық нөмірі 09-142-127-173, Садықова Айнаш Сайлаубайқызына жекеменшік құқығымен тиесілі;

13) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Қарбышев көшесі, 2/4 жер учаскесі, ауданы 0,3848 га, кадастрлық нөмірі 09-142-184-255, жалпы бірлескен меншік құқығында Аббасова Хайям Аклиманұлына, Аббасова Наира Эльбрусовнаға тиесілі;

14) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Ермеков көшесі, 10/3 жер учаскесі, ауданы 0,0574 га, кадастрлық нөмірі 09-142-128-779, Құсайынов Самат Советұлына тиесілі, жекеменшік құқығында;

15) Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, Доскей ауылдық округі, жалпы ауданы 5,0000 га, оның 2,5000 га алып қоюға жатады, кадастрлық нөмірі 09-142-042-397, Таникеев Азамат Әмірұлына жекеменшік құқығымен тиесілі;

16) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Пичугин к-сі, М. Блок 1, 1-қатар, 1/1 ханым, ауданы 0,0040 га, кадастрлық нөмірі 09-142-003-117, Буршақбаева Құралай Жаманқызына жекеменшік құқығында тиесілі;

17) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Жолаушылар к-сі, ауданы 0,0033 га, кадастрлық нөмірі 09-142-003-075, Дорских Светлана Владимировнаға уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығымен тиесілі;

18) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Қарағанды станциясы, ауданы 0,0398 га, кадастрлық нөмірі 09-142-003-079, «Қазақстан темір жолы» «ұлттық компаниясы» АҚ-ға уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану, уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығымен тиесілі;

19) Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, ш/а. Көгілдір тоғандар, 7/6 құрылым, ауданы 0,0877 га, кадастрлық нөмірі 09-142-067-507, Холодкова Евгений Евгеньевнаға жекеменшік құқығымен тиесілі;

20) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Шахтерлер даңғылы, 74/6 уч., ауданы 0,1600 га, кадастрлық нөмірі 09-142-140-194, «Қаздорстройтех» ЖШС жекеменшік құқығымен тиесілі;

21) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Шахтерлер даңғылы, 74/7 уч., ауданы 0,1600 га, кадастрлық нөмірі 09-142-140-195, «Қаздорстройтех» ЖШС жекеменшік құқығымен тиесілі;

22) Қарағанды қаласы, аудан. Қазыбек би, Тәттімбет көшесі, 3/6 құрылыс, ауданы 0,0288 га, кадастрлық нөмірі 09-142-140-141, Устенко Наталья Станиславовнаға жекеменшік құқығымен тиесілі;

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 16 шілдеде белгіленсін.

3. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін меншік иесінің жүгіну орны болып өтініш беру арқылы «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Д.А.Шакинов) белгіленсін: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, 425 кабинет.

4. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Н.А.Лияш) осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Д.А.Шакинов) жер учаскесінің меншік иесін «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының тәртібімен хабардар етсін.

6. «Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» ММ (Т.Б.Жашкеев) жер учаскелерін бағалау бойынша жұмыс жүргізісін және жер учаскелерінің меншік иелеріне заңнамада белгіленген тәртіппен өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

М.КОЖУХОВ,
Қарағанды қаласының әкімі

• ФОРУМ

Ынтымақтастыққа мүдделі

Теміртауда «Qazmet» акционерлік қоғамында елішілік құндылықты дамыту бойынша форум өтті. Жүйе құрушы компания шағын және орта бизнесті қолдайтынын, жергілікті тауарлар мен қызметтерді сатып алуға дайын екенін жеткізді. Форум қорытындысы бойынша облыс әкімдігі мен Qazmet арасында өзара іс-қимыл бойынша меморандум жасалды.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге облыстың 150-ден астам тауар өндірушілері қатысты. Олар компания өкілдерімен ынтымақтастық мәселелерін тікелей талқалай алды. Ал, ол үшін B2B форматындағы диалог алаңы ұйымдастырылды.

Форумдағы басты мәселенің бірі – жүйе құраушы кәсіпорындардың өңірдегі шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауы. Елішілік құндылықты арттыру бүгінгі таңда жұмыстың басым бағыттарының бірі болып табылатыны атап өтілді.

Тау-кен металлургия компаниясы жергілікті өндірістермен өзара іс-қимылды күшейтуге дайын. Бірлескен жергілікті жобалар жоспарлануда. Сондай-ақ, мамандарды оқытуда ынтымақтастық дамитын болады.

«Qazmet» АҚ импортты алмастыру мақсатында орта мерзімді кезеңге компанияға отандық тауарларды сатып алу есебінен елішілік құндылық үлесін едәуір арттыруға мүмкіндік беретін жоспар әзірледі.

Форумда қазақстандық мазмұнды дамытуға қосқан үлесі үшін бизнес-серіктестерге Алғыс хаттар табысталды.

ТЕМІРТАУ

• УСТЕЛ ТЕННИСІ

Үздік үштікті түйіндеді

Францияның Metz қаласында өткен үстел теннисінен WTT Youth Contender халықаралық турнирде қарағандылық теннис шебері Алан Құрманғалиев ақтық сынға бір қадам қалғанда ұтылып, үшінші орынға ие болды.

Жерлесіміз Алан Құрманғалиев 19 жасқа дейінгі жас санатында өнер көрсетті. Жарыс барысында ол Иван Канды (Нидерланды), Ронда Брентти (Нидерланды), Назар Солоджоны (Украина), Вим Вердоншотты (Германия) айқын басымдықпен тізе бүктірді.

Ал, жартылай финалда жапондық Юки Сакайға 1:3 есебімен есе жіберіп, турнирден қола медальмен қайтты.

Алан Құрманғалиев талай байрақты бәсекеде топ жарып, облыс намысын қорғап жүрген саңлақ.

Өз тілшімізден



Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан аудандық сотында Қарағанды қаласы, 16 мөлтекәудан, 32 үй, 28 пәтер мекенжайында тұратын Наталья Рысбековна Батурианың ЖСН 560403400082 өтініші бойынша, Қарағанды қаласы, 16 мөлтекәудан, 32 үй, 28 пәтерде тұрған Сергей Александрович Батуринді ЖСН 790423300260 қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. С.А.Батуриин жайлы мәліметтерден хабарлар адамдар оны жария болған уақыттан бастап 3 ай мерзімде сотқа хабарласын.

№191



• МҮШӘЙРА

Арқа жұрты Аққызын ардақтады

Мұқым елдің назары Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде болды. Білімнің ғана емес, ұлттық рухтың ордасына айналған шаңыраққа қазақтың дәулескер күйшілері, мүйізі қарағайдай қаламгерлері, әншілері жиналды. Университет төрінде күйші-композитор Аққыз Ахметқызының есімін ұлықтауға арналған «Күй-ғұмыр» атты әдеби-музыкалық кеш өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы шараға күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Күрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Секен Тұрысбеков пен күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбаев, Арқа жұртының мақтаншы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев арнайы келді. Күй шеберлерінің ізімен келе жатқан дарынды күйші Қайрат Айтбаев та осы қатарда.

Кеш басталмас бұрын білім ордасының ректоры Нұрлан Орынбасарұлы құрметті меймандарға университет аумағында орналасқан күй аллеясын көрсетті. Көк аспанда Кетбұғаның, Тәттімбет пен Құрманғазының, әйгілі Тоқа Шоңманұлының, Ықыластың, Дайрабайдың, Ахметжан Сармантайұлы, Қыздарбек Төрбайұлының, Сембек Айдосұлының, Әбди Рысбекулының, Әбікен Хасенұлының, Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының, Нұрғиса Тілендиевтің, Мағауия Хамзиннің, Төлеген Момбековтің, Дәулетбек Сәдуақасұлының күйлері орындалып тұрды. Құрметті меймандар қатарындағы

Секен Тұрысбековтің де атакты «Көңіл толқыны да» шертілді.

Ал, кеш «Күй-ғұмыр» өлеңдер жинағының тұсаукесер рәсімімен басталды. Бұл кітапқа Аққыз күйшіге арналған өлеңдер енді. Осы жылдың наурызында республикалық мұшәйра жарияланған еді. Сол жыр бәйгесіне келіп түскен өлеңдер топтастырылған. Кітаптың лентасын киноға Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы мен ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі мен Аққыз күйшінің ағасы Өмірбектің немересі Нұрланбек Сағадібекұлы шықты. Салтанатты рәсімнен кейін Дархан Қыдырәлі сөз сөйлеп, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Жақанұлының арнайы жолдаған ыстық ықыласын жеткізді. Сонымен қатар, айтулы шарадан алған әсерін жеткізді.

– Құт қонған, күй дарыған қазақ руханиятының іргелі орталығының бірі кастерлі Қарағандыда керемет күй кешінің күзсі боп отырмыз. Қарағанды Бөкетов университеті кеңестік кезеңнен бері Қазақстандағы ең ірі екі жоғары оқу орнының бірі саналған. Білім ордасының негізін қалаған Бөкетовтің жолын



жалғап, біліммен бірге руханияты қатар дамытып отырған оқу орнының ректоры Нұрлан Орынбасарұлына алғысым шексіз. Бүгінгі күні университет алаңындағы Күй аллеясына да ат басын бұрдық. Мұндай теңдесі жоқ дүниелерді басқа өңірде көрген емеспін. Күймен тербеліп өскен шәкірттердің бойында ұлттық құндылықтың, ұлттық сана-сезімнің мол болатыны сөзсіз. Сондай-ақ, осындай кеш ұйымдасты-

рып отырған Аққыз Ахметқызының ұрпақтарына, өнерсүйер қауымға да ризашылығымды білдіремін. Аққыз апамыздың мұшәйрасына арнап басылып шыққан кітапқа ену әр ақынның арманы деп есептеймін, – деді Дархан Қыдырәлі.

Содан кейін, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев Аққыз әжеміздің мұрасын зерттеуші, насихаттаушы

Болат Жұматайұлына аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың Алғыс хатын табыстады.

Ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы Жансая Жарылғапов: «Біз батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүкті «шығыстың қос жұлдызы» деуші едік, ендеше, күй өнеріне келгенде қазақтың Динасы мен Аққызы осы «Шығыстың қос шынары» деуге әбден лайық. Сонымен қатар,

бүгінгі кештің университетіміздің қабырғасында өтіп жатқанында айрықша заңдылық бар. Өйткені, білім ордамызға аты берілген Евней әкеміз өнер мен әдебиеттің адамы еді. Ебекеңнің кезінде дуылдаған кештер, талай өнерпазбен кездесулер өтіп жататын. Тіпті, Зейнолла Қабдоловтың «Селен мен өлең» деп мақала жазғаны да осыдан. Селен – химиялық элемент болса, өнер – қазақтың жаны. Ебекеңнен басталған жақсы дәстүр кейінгі жылдары жаңарып, жаңғырып келе жатыр», – деп Аққыз күйшінің өнерге деген адалдығы жайында айтып өтті.

Республикалық мұшәйраның жүлдегерлері марапатталды. Жүлделі үшінші орынды Әсет Аманжолов, Асылбек Жаңбырбаев, Мұхтар Күмісбек иеленді. Екінші орын Ұмтыл Зарыққанға бұйырды. Бірінші орын Дәуренбек Бұланбаевтың қанжығасында. Ал, елдің назарын баураған республикалық жыр додасының бас бәйгесін Мирас Асан алды. Жүлделі орындардан бөлек 5 ақынға арнаулы жүлде табысталды. Женімпаздарға қомақты қаржылай сыйлық берілді.

Марапаттаудан кейін гала-концерт басталды. Аққыз Ахметқызының әндері орындалды. Секен Тұрысбек пен Жанғали Жүзбаев күй шертіп, залдың ішін тылсым күйге бөледі. Секен Тұрысбек сахнаға шыққанда халық күйшінің авторлық туындысы «Көңіл толқыны» сұрады. Ресми шаралармен басталған кеш құдіретті күймен түйінделді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Дүрлердің дүбірінен жеткен дауыс

Кеншілер шаһарындағы «Шалқыма» концерт залында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елмұра Жаңабегеннің «Дүрлердің дүбірінен жеткен дауыс» атты жеке шығармашылық концерті өтті. Концерттің өтуіне Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ұйытқы болғанын атап айту керек.



Есімі тыңдарманға кеңінен таныс Елмұра Жаңабеген – Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аманөткел ауылында дүниеге келген. Ол Арал өңірі мен Сыр бойындағы жыр аулық дәстүрді жалғастырушы, белгілі термеші, жыршы, әнші.

Қазақтың ән өнерін тек Қазақстанның ғана емес, әлем елдерінің сахнасында үздіксіз насихаттап, тыңдарманның ыстық ықыласына бөленіп жүрген шебер орындаушы. Өзіне тән табиғи дауысы бар. Алдыңғы буыннан батасын да, жоғары бағасын да алған талғампаз әнші. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері. Сонымен қатар, әуелесте ән сала жүріп, өнер саласында зерттеу мақалаларын да жазып, жариялап келеді. Өнертану кандидаты.

Аталған өнер кешінде Н.Кен-жегүлдінің «Көнеки, сөйле, қызыл тіл», Т.Ізтілеуовтің «Тәлім», А.Байтұрсынұлының «Бір мысал», Ғ.Құрманғалиевтың «Досыма», К.Әзірбаевтың «Бұл-бұл», Шашубайдың «Ақ қайың», Майлықожаңы термесі және басқа да таңдаулы туындылар шырылды.

Концертке бірқатар жыршылар байқауының лауреаты Салтанат Ерсултан, атакты «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі қатысты. Ансамбль жетекшісі – Мәдениет қайраткері Байғара Садуақасов.

Қарағандының талғампаз көрермені әншіге алғаусыз құрмет көрсетіп, алақанына салды.

МАРАЛ НҮРТӨЛЕУОВА,
Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің редакторы
Сурет ұйымдастырушылардан

• «БІР ОТБАСЫ – БІР КІТАП»

Оқырман отбасы анықталды

Қоғамда кітап оқу дәстүрін қайта жаңғыртқып, отбасылық құндылыққа айналдыру мақсатында қолға алынған «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы дәстүрге айналды. Шара аясында «Оқырман отбасы» байқауының ақтық кезеңі өтті. 500-ге жуық көрермен тамашалаған байқауда үлгілі отбасылар анықталды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау отбасындағы кітап оқу дәстүрін қайта жаңғыртты. Оқырман отбасылардың жан-дүниесіне рухани ізгілік қалыптастырып, оқу мәдениетін дамытты. Кітап оқуға құштар отбасылар анықталып, көптің қошеметіне бөленді. Жастардың кітапқа оқуға деген ықыласы байқалды.

«Оқырман отбасы» байқауының ақтық кезеңіне 15 отбасы өтті. Олар «Сахналық қойылым» және «Фотогалерея» бағыты бойынша бақ сынады. «Сахналық қойылымда» отбасылар 5 минут ішінде таңдаған шығармалары бойынша сахналық қойылым көрсетті. Бейне және музыкалық сүйемелдеу алдын ала дайындалып, костюмдер мен режиссер шығарманың мазмұнына сәйкес келді. Қойылым соңында міндетті түрде тәрбиелік мағына беретін қорытынды көрініс шығару керек болғандықтан әр отбасы бұл аталымға барын салды. Шығармашылық тапсырмадан тұратын «Фотогалерея» бағытында әр отбасы кітап оқумен байланысты галерея дайындады.

– Біз – кітап оқып өскен буынның өкіліміз. Бала кезімізде кітап оқу замандастарымыз үшін шынымен де, отбасылық дәстүр болатын. Кітап атты сикырлы әлем

баурап алып, ата-анамызбен қоса тәрбиеленді. Қиялдадық, армандалдық. Кітап кейіпкеріне ұқсағымыз келді. Кітап арқылы сөз төркінін таныдық. Біздің буын керекті кітаптан іздейді. Кітапты жанына жақын көреді. Кітаппен сырласады.

«Оқырман отбасы» байқауы арқылы жастардың кітапқа оқуға деген ықыласын байқадым. Жұмыстан қолы тимей, қолы тисе де, ұялы телефонның кимай, қонақжай қазақтың той-томалағынан қолы босамайтын ата-ананың кітап оқуға бет бұрғанын байқадым. Отбасында кітап оқылса, тәрбие түзеліп, мейірімге шөлдеген бала ата-анамен қауышады, – деді облыстың тіл-

дерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жақан.

Фотосуреттердің саны мен форматын, сондай-ақ, отбасылық фотогалереяның жалпы формасы мен идеясын қатысушылар өздері анықтапты. Байқаудың ақтық кезеңіне ең жоғары ұпай жинаған аудан, қала және мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттарынан 14 отбасы қатысты. Бас жүлдені Н.Нұрмақов атындағы мектеп атынан шыққан Тәжібаевтар отбасы иеленді. Ал, жүлделі І орынды Шет ауданының Бекжановтар отбасы жеңіп алды.

Балқаш қаласынан келген Қадырғалиевтар әулеті «Көңілді отбасы» атанса, Бұқар жырау ауданынан келген Қазар отбасы «Шығармашыл отбасы» атанды. Қарқаралы, Абай ауданының отбасылары белгілі ата-алымдармен марапатталды.

• СПАРТАКИАДА

Ауыл жастарының аламаны

Абай қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жасөспірімдер арасында дәстүрлі жазғы ауыл ойындары өтті. Быыл сайысқа Қарағанды облысының жеті ауданынан 600-ге жуық жасөспірім қатысып, бақ сынасты.

Тартысқа толы ойындарды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы осымен төртінші рет ұйымдастырып отыр. Былғы жарыс спорттың сегіз түрін ұйымдастырылды. Атап айтсақ, жас спортшылар асық ату, бес асық, армрестлинг, баскетбол, волейбол, дзюдо, қазақ күресі, үстел теннисі және шағын футболдан өзара сынаға түсті.

Былтырғы жазғы ойындарда Бұқар жырау ауданы жасөспірімдер ойындарының күміс жүлдегері атанған еді. Биыл олар қола медальді қанағат тұтты.

– Ереже бойынша барымызды салып, өнер көрсеттік. Армрестлинг, күрес, волейбол, үстел теннисі сынды спорт түрлерінде мықты екенімізді дәлелдедік. Құра-



Сурет облыс әкімінің сайыстан

маны іріктеу жарыстарының қорытындысы бойынша жасақтағанбыз. Биыл бірнеше өңірден спортшылар жиналды. Олардың осындай

жарыстарға қуана-қуана келетіні, қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасатыны көз қуантады. Келесі жылы да дәстүрлі дода жалғасын тапса екен, – дейді Бұқар жырау ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Олег Цыганков.

Кіл мықтылар барын салған ойындардың нәтижесінде, бұл жолы жалпыкомандалық есепте Шет ауданының спортшылары үздік атанып, көш бастады. Ал, екінші орынға Абай ауданының құрамасы жайғасса, үшінші орын биігінен Бұқар жырау ауданының құрамасы көрінді.

– Өз басым жарыстарды тамашалап, демалып қайттым. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын. Жас спортшылардың ынта-жігері қуантты. Осындай ауқымды спорттық шаралар жиі өтсе, жастар жат өлеттерден алыстайды, – дейді Абай ауданының тұрғыны Қуаныш Шоқай.

Өз тілшімізден

